

БЕКІТЕМІН

Қостанай облысы әкімдігі білім  
басқармасының «Қостанай жоғары  
педагогикалық колледжі» КМҚК  
директоры



Г.У. Уразамбетова  
2024 жыл

**ҚОӘ ББ «Қостанай жоғары педагогикалық колледжі» КМҚК  
қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу  
фактілері немесе ықтимал бұзушылықтар туралы  
хабардар ету тәртібі**

**1. Жалпы ережелер**

1. ҚОӘ ББ «Қостанай жоғары педагогикалық колледжі» КМҚК қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтар туралы хабардар ету тәртібі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

2. Осы Тәртіп жұмыс берушіні сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар жасауға итермелеу жағдайлары туралы хабардар ету тәсілін айқындайды, сондай-ақ жұмыскерлердің еңбек қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар фактісі анықталған кезде іс-қимыл тәртібін белгілейді.

3. Тәртіп квазимемлекеттік сектор субъектісінің ресми интернет-ресурсында орналастырылады және барлық қызметкерлердің назарына жеткізіледі.

4. Осы Тәртіпте мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) **сыбайлас жемқорлық** – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді жеке өзі немесе делдалдар арқылы өздері үшін мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе алу мақсатында заңсыз пайдалануы немесе үшінші тұлғаларға, сол сияқты осы тұлғаларға игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы пара беру;

2) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс** - қимыл-сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және

олардың салдарын жою жөніндегі өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қызметі;

3) **сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық** – заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

4) **сыбайлас жемқорлық тәуекелі** – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

5) **сыбайлас жемқорлықтың алдын алу** – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

6) **пара** – мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның не лауазымды адамның, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамының жеке өзі немесе делдал арқылы өзі үшін ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүлікке құқық немесе мүліктік сипаттағы пайда түріндегі пара алуы пара берушінің немесе ол өкілдік ететін адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттігіне кірсе, басқа адамдардың пайдасына, немесе бұл лауазымдық жағдайға байланысты мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке), сол сияқты жалпы қамқорлыққа немесе попыласқа ықпал етуі мүмкін.

## **2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтар туралы хабарлау тәртібі**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтар туралы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелеу мақсатында жүгіну фактілері туралы хабарлау әрбір қызметкердің міндеті болып табылады.

2. Колледж қызметкерлері тікелей басшысын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметті орындауға жауапты адамды өзінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелеу мақсатында қандай да бір адамның оларға жүгінген фактілері немесе барлық жағдайлары туралы дереу хабардар етуге міндетті.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабарлама оны басшыға немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметті орындауға жауапты тұлғаға электрондық пошта арқылы хабарлау арқылы не «сенім жәшігіне» беру арқылы бір күн ішінде жазбаша нысанда жіберілуге тиіс. Алынған мәліметтердің құпиялылығын жұмыс беруші және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауапты тұлға қамтамасыз етеді.

4. Хабарламаны 7-тармақта көрсетілген мерзімде жіберу мүмкін болмаған кезде (ауру, іссапар, демалыс және т.б.) қызметкер хабарламаны

жұмыс орнына келгеннен кейін бір жұмыс күні ішінде жібереді.

Хабарламада көрсетілуге жататын мәліметтер тізбесі:

- тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, байланыс телефоны, сондай-ақ хабарламашының пікірінше, онымен байланыс орнатуға көмектесетін ақпарат;
- жұмыскерді басқа адамдардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелеу мақсатында жүгінген, оған еңбек қызметі процесінде белгілі болған мән-жайлар;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелеу мақсатында өтініш жасаған адам (жеке немесе заңды) туралы белгілі мәліметтер;
- өтініштің мәнін баяндау (жүгіну күні мен орны, қандай әрекетті (әрекетсіздікті) жасауға итермелеу орын алады, ұсынылған пайда, болжамды салдарлар, өтініштің өзге де мән-жайлары);
- осы іске қатысы бар адамдар және куәгерлер туралы мәлімет (бар болса);
- хабарламашының қолы, жасалған күні.

### **3. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі анықталған кездегі іс-қимыл тәртібі**

1. Нақты мән-жайларды анықтау мақсатында 3 жұмыс күні ішінде басшы тағайындаған тұлғалар (қаралып отырған мәселеге байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметті орындауға жауапты тұлға) тексеру іс-шараларын жүргізеді.

2. Тексеру барысында мыналар белгіленуі тиіс: сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау мақсатында тұлғаның қызметкерге жүгінуге ықпал еткен себептер мен жағдайлар;

3. Тексеру нәтижелері тексеру іс-шаралары аяқталғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде басшыға жазбаша нысанда ұсынылады;

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактісі және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелеу мақсатында жүгіну фактісі расталған жағдайларда басшыға сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа жол бермеу жөніндегі шараларды қолдану жөнінде ұсыныс шығарылады. Басшы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қорғау органдарына ақпарат беру туралы шешім қабылдайды.

5. Егер сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактісі және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелеу мақсатында жүгіну фактісі расталмаған, бірақ жүргізілген тексеру барысында қызметтік мінез-құлыққа қойылатын талаптарды бұзу белгілері, қызметкердің өзінің қызметтік лауазымдық міндеттерін орындамау фактілері анықталған жағдайларда, онда материалдар үш жұмыс күні ішінде тиісті шешім қабылдау үшін тәртіптік комиссияның қарауына беріледі.

### **4. Қорытынды ережелер**

1. Осы тәртіп қызметкерлердің бастамасы бойынша да, басшылықтың бастамасы бойынша да қайта қаралуы мүмкін.